Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімі «Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» КММ
оқу-тәрбие жұмысының жоспары 2023-2024 оқу жылы
Түсінік хат

«Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» КММ-сі оқу-тәрбие жұмысының жоспарын жасақтау барысында төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттар ескерілді:

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде жасалған.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319);
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру қызметін қалыпқа келтіретін нормативтік-құқықтық құжаттар;
- Жалпы білім беретін мектептерде мектепішілік құжаттамасын жүргізілу жөнінде нұсқаулық;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы құрастырған «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хаты;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы;
- "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29326 болып тіркелді.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

- "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы /Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 тамызда № 29136 болып тіркелді/
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылдың 3 сәуіріндегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстары мен факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары(08.04.2016 жылғы № 266, 10.05 2018 жылғы №199 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
- Жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей директорларының ғылыми-әдістемелік, оқу ісі, бейінді оқыту жәніндегі орынбасарларының тамыз кеңесінің қарары, т.б.

I. Мектептің 2023 – 2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

«Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мәселесі:

Инновациялық, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың жеке, шығармашылық және ғылыми -зерттеушілік қабілеттерін зерделеу, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

«Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мақсаты:

Білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз ету арқылы алған тәрбие мен игерілген білім негізінде мектептің жоғары жетістікке жетуіне және жеке тұлғаның заман талабына сай қалыптасуына жағдай жасап, бәсекелестікке қабілетті кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдер мен оқушылар қатарын көбейту, жағымды психологиялық орта қалыптасқан мектеп жұмысын дамыту арқылы *н*әтижелі білімге қол жеткізу.

Міндеті:

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын негізге ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалы білімді әрбір оқушының меңгеруін қамтамасыз ету;

-Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттіктерін дамытуға жағдай жасау;

-Оқытуды оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы бағдарламалар құру, ғылыми әдеби оқулықты пайдалану, дидактикалық материалдармен оқу әдістемелік кешен құру;
-Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектеп жұмысын жетілдіру;
-Әр оқушының білім деңгейін көтеруге шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асыруға негізделген диагностика жүйесін жетілдіру;
-9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға, кәсіптік білім беруге байланысты әдіс– тәсілдерін жетілдіру;
-Ғылыми–практикалық және ізденіс және жобалық жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектауалдық, логикалық ойлау дамуының жаңа формаларын құру және қолданысқа енгізу;
-Дарынды оқушыларды педагогикалық–психологиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы «Дарынды оқушының моделіне» сай тұлғаны қалыптастыру;
-Білім саласындағы халықаралық зерттеулерге(PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ББЖМ) байланысты дайындық жұмысын жүйелеу;
-Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру үшін инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру;
-Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

II. Мектептің жұмыс циклограммасы

Р/с	Мерзімі	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Тамыз
1	Педкеңес			+		+		+		+	+	+
2	Директор жанындағы кеңес	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
3	Әдістемелік отырыс			+		+		+		+		+

2022-2023 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының талдауы

I.Оқу қызметін талдау

Мектептің оқу-тәрбие жоспары да осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Мектеп ғимараты 600 орындық. 2022– 2023 оқу жылы мектептің жалпы білім беру жүйесінде күндізгі оқыту түрінде 14 бастауыш, 20 негізгі, 4 жоғары

сыныптар болды. Мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Сабақ кестесі негізінен санитарлық-гигиеналық талаптарға және жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастырылды.

Мектепте **82** мұғалім жұмыс істейді, бала күтіміне байланысты демалыстағы мұғалім саны-15. Мұғалімдердің 2-уі жоғары санатты, 1-еуі I санатты, 1-еуі II санатты, 5-еуі педагог-зерттеуші, 9 мұғалім педагог-сарапшы, 31 мұғалім педагог-модератор, 34 мұғалім санатсыз. 67 мұғалім жоғары білімді, 15 мұғалімнің орта арнаулы білімі бар, 5 мұғалім магистр. Мектепте оқу жылының соңында 724 оқушы оқыды, 38 сынып комплект, 3 дайындық тобы болды. **1-4 сыныптар**-312 оқушы, **5-9 сыныптар**-338 оқушы, **10-11 сыныптар**-74 оқушы.

Өткен оқу жылы негізгі мектепті бітірген 39 оқушының 35-ы оқуларын мектепте жалғастырып, 10-сыныпта оқыды.

Мектептің оқу жоспары ҚР-ның жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде жасалынды.

ҚР жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына сәйкес мектептің жоғарғы сатысында оқыту қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша жүргізілді.

Оқушылардың білім деңгейі оқу жылы барысында тест сынақтары арқылы тексеріліп отырылды. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингі:

2022-2023 оқу жылы бойынша оқушыларды оқыту және оқу бағдарламаларын орындау нәтижелерін талдау

№	Пән атауы	I тоқсан		II тоқсан		+/-	III тоқсан		+/-	IV тоқсан		+/-	жылдық	
		Үлг	Сапа	Үлг	Сапа		Үлг	Сапа		Үлг	Сапа		Үлг	Сапа
1	Қазақ тілі	100%	78,5%	100%	68%	-10,5	100%	69,7%	+1,7	100%	74%	+4,3	100%	70,3%
2	Қазақ әдебиеті	100%	72,2%	100%	73%	+0,8	100%	76,2%	+3,2	100%	77.6%	+1,4	100%	75%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	63,5%	100%	65,6%	+2,1	100%	69%	+3,4	100%	71.5%	+2,5	100%	68,4%
4	Ағылшын тілі	100%	68,2%	100%	70%	+1,8	100%	71,8 %	+1,8	100%	73.5%	+1,7	100%	70%
5	Қазақстан тарихы	100%	70%	100%	70,2%	+0,2	100%	74,7 %	+4,5	100%	77.7%	+3	100%	68%
6	Дүниежүзі тарихы	100%	74,4%	100%	75,4%	+1	100%	71%	-4,4	100%	74.7%	+3,7	100%	73%
7	Құқық	-	-	100%	72,1%	-	-	-	-	100%	91%	-	100%	80,3%
8	Математика	100%	62,8%	100%	67%	+4,2	100%	67%	-	100%	66.2%	-0,8	100%	67,6%
9	Алгебра	100%	61,7%	100%	54,7%	-7	100%	60,8 %	+6,1	100%	57%	-3,8	100%	54%

10	Геометрия	100%	37,7%	100%	59%	+21,3	100%	59%	-	100%	57%	+2	100%	59%
11	Физика	100%	56,1%	100%	65,5%	+9,4	100%	58,6 %	-6,9	100%	55%	-3,6	100%	65%
12	Химия	100%	42,3%	100%	57,8%	+15,5	100%	52%	-5,8	100%	72%	+20	100%	65%
13	Биология	100%	54,5%	100%	67%	+12,5	100%	69,7 %	+2,7	100%	70%	+0,3	100%	68%
14	Жаратылыстану	100%	64,5%	100%	75%	+10,5	100%	80,7 %	+5,7	100%	77%	+3,7	100%	77%
15	Дүниетану	-	-	100%	77,6%	-	100%	100%	+22,4	100%	82%	-18	100%	83%
16	География	100%	59.8%	100%	71%	+11,2	100%	70,5 %	-0,5	100%	73%	+2,5	100%	62,3%
17	Информатика	95%	100%	100%	91,5%	-8,5	100%	100%	+8,5	100%	96,7%	-3,3	100%	96%

Төмен білім сапасын көрсетіп келе жатқан сыныптар мен пән мұғалімдерінің жұмыстары жыл бойына педагогикалық, директор жанындағы және әдістемелік кеңестерде қаралып, талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Сабақты жиі босататын, үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен, пән мұғалімдерімен жиналыс өткізіліп, қосымша жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың білім деңгейін анықтау және соған сәйкес жұмыстар жыл бойы мектепішілік бақылауда болды. Мысалы, 9-сыныптардың ББЖМ-ға дайындықтарын бақылау, 5-сыныптардың бейімделуі мектеп әкімшілігінің бақылауында болып, педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңесте қорытындысы қаралып, талқыланды. 8,9,10-сыныптарда ай сайын оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы бойынша, 5-11-сынып аралығында негізгі пәндерден тест алынып, қорытындысы шығарылып, пән мұғалімдеріне таныстырылып отырылды.

Негізгі пәндер бойынша үш жылдың салыстырмалы қорытынды көрсеткіштері:

Оқу жылы Пәндер	**2020-2021**		**2021-2022**		**+/-**	**2022-2023**		**+/-**
	Сапа %	**үлгерім %**	**Сапа %**	**үлгерім %**		**Сапа %**	**үлгерім %**	
Қазақ тілі	**81,2**	**100**	**73,5**	**100**	**-7,7**	**70,3**	**100**	**-3,2**
Қазақ әдебиеті	83,9	100	75	100	-8,9	75	100	-

Орыс тілі	76	100	76	100	-	68,4	100	-7,6
Ағылшын тілі	81,2	100	79	100	-2,2	70	100	-9
Математика	72,6	100	61	100	-11,6	67,6	100	+6,6
Алгебра	60,2	100	70,7	100	+10,5	54	100	-6,7
Геометрия	66	100	69	100	+3	59	100	-10
Физика	62,5	100	63,5	100	+1	65	100	+1,5
Информатика	81	100	91	100	+10	96	100	+5
Химия	65	100	64,6	100	-0,4	65	100	+0,4
Биология	70	100	75,8	100%	+5,8	68	100	-7,8
География	59	100	62	100%	+3	62,3	100	+0,3
Қазақстан тарихы	81	100	68	100	-13	61,2	100	-6,8
Дүниежүзі тарихы	85,6	100	73	100	-12,6	60,3	100	-9,7

Үш жылдық білім сапасы көрсеткіштерін сараптау кезінде қазақ тілі мен әдебиеті, физика мен химия, биология, ағылшын тілі, математика, дүниежүзі тарихы пәндерінен білім сапасы төмен түскенін және жыл сайын сапаның көтерілмегенін көруге болады. Пән мұғалімдерінің оқу- тәрбие барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, өз бетімен жұмыс істеуге баулып, әр оқушының өз мүмкіндіктерін жеке қабілетіне қарай дамуына ықпал ету қажеттігін керек етеді.

Мектеп бойынша үлгерім мен білім сапасының 3 жылдық мониторингі

Оқу жылы	**2020-2021**	**2021-2022**	+/-	**2022-2023**	+/-
Үздіктер	45	59	+14	62	+3
Екпінділер	210	221	+11	263	+42
Сапа	61%	55%	-6	55,5%	0,5
Үлгерім	100%	100%	-	100%	-



Мектептегі пәндерді білім көрсеткіштерінің өзгерістері бойынша топтарға бөліп, өткен оқу жылымен салыстырсақ, **2020-2021 және 2021-2022 оқу жылы**:

1. Білім сапасы тұрақты: физика,химия;

2. Білім сапасы жоғарылаған: орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, математика, алгебра, геометрия, информатика, география, құқық;

3. Білім сапасы төмендеген: биология, жаратылыстану, дүниетану пәндері.

2021-2022 және 2022-2023 оқу жылы:

1. Білім сапасы жоғарылаған: Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, алгебра, геометрия, химия, биология, география, құқық, жаратылыстану, дүниетану, информатика;

2. Білім сапасы төмендеген: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, физика пәндері.

Ұсыныс:

1. Төмен сапа көрсетіп отырған пән мұғалімдері білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстанып, мемлекеттік бағдарлама талаптарын толық орындауға, оқушылардың білімінің әділ бағалануына, сабақтардың қазіргі заман талабына сай жүргізілуіне, өздерінің кәсіби шеберліктерін арттыру бағытында өз білімдерін жетілдіруге жұмыстану.

2. Мектеп әкімшілігі пән мұғалімдерінің жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың әділ бағалануын, қорытынды білім сапасының нақты болуын қадағалау.

3. Әр бірлестік отырыстарында, әдістемелік кеңестерде мұғалімдердің кәсіби өсуіне бағытталған жұмыс жоспарын жасақтау және үйрету шығармашылық тобына мүше мұғалімдерге жүктеу.

4.БЖБ, ТЖБ жұмыстарын нақты, әділ өткізіп, сараптамалық талдаулар жасау.

5. Білімдегі олқылықтарды жою бойынша нақты жоспарлар жасап, жекелеген оқушылармен жұмыстану.

5. Ұлттық Бірыңғай Тестілеудің нәтижелері:

Жылдар	**2020-2021**	**2021-2022**	**2022-2023**
Мектеп бітірушілер саны	10	18	21
ҰБТ-ға қатысқандар саны	10	18	21
«Алтын белгі» иегері	0	0	0
Үздік аттестат иегері	1	0	0
Грант иегерлері	6	2	15
Орташа балл	72,1	45,6	73,8

6. «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» алған түлектер үлесі:

Мектеп	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	Алтын белгі	Үздік аттестат	Алтын белгі	Үздік аттестат	Алтын белгі	Үздік аттестат
Ақшұқыр мектеп-гимназиясы	0	1	0	0	0	0

«Алтын белгі», «Үздік аттестат» алған оқушылар

2020-2021 оқу жылында 11-сынып оқушысы Әбен Нағима «Үздік аттестат» иегері атанды. 2021 – 2022 , 2022 - 2023 оқу жылында «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегері жоқ.

7.Жоғары оқу орындарына түскен бітірушілердің үлесі:

Мектеп бітірген түлектердің ішінен жоғары оқу орындарына түскен бітірушілердің көрсеткіші.

№	Оқу жылдары	11-сынып аяқтаған оқушы саны	Жоғары оқу орнына түскендер саны, үлесі%
1	2020-2021	10	10 (100%)
2	2021-2022	18	12 (66,6%)
3	2022-2023	21	21 (100%)

8.Аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері) болған оқушылардың саны:

№	Деңгейі	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Аудандық	12	30	55
2	Облыстық	1	7	7
3	Республикалық	-	6	1
4	**Барлығы**	**12**	**43**	**63**

Ғылыми жобалар:

№	Сайыс, байқау, конференция	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Аудандық	9	12	8
2	Облыстық	-	-	5
3	Республикалық	-	-	-
4	**Барлығы**	**9**	**12**	**13**

9. ЕББҚ бар оқушыларға сабақ беретін мұғалімдер туралы

№	Оқу жылы	Мұғалім саны	Арнайы педагог саны
1	2020-2021 ож	31	1
2	2021-2022 ож	39	2
3	2022-2023 ож	44	2

ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс жасайтын арнайы педагогтар

№	Оқу жылы	Арнайы педагог аты -жөні	Лауазымы
1	2020-2021 ож	Мендешова Назгул	Педагог – дефектолог
2	2021-2022 ож	Туракова Перизат	Педагог – дефектолог
3	2022-2023 ож	Туракова Перизат	Педагог – дефектолог
		Мендешова Назгул	Педагог - логопед

ЕББҚ бар оқушылар туралы үш жылдық сандық мәлімет

2020-2021 ож	2021-2022 ож	2022-2023 ож
1-4 сынып - 4 оқушы 5-9 сынып - 1 оқушы **Барлығы - 5 оқушы** **31 мұғалім**	1-4 сынып - 5 оқушы 5-9 сынып - 2 оқушы **Барлығы - 7 оқушы** **39 мұғалім**	1-4 сынып – 5 оқушы 5-9 сынып - 4 оқушы **Барлығы – 9 оқушы** **44 мұғалім**

2022-2023 оқу жылы мамыр айының 15-нде өткен аудандық ПМПК кеңесінің қорытындысы бойынша ЕББҚ бар 5[а]-сынып оқушысы Шанбай Турарбек пен 4[д]-сынып оқушысы Бабекбаев Алибек жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға ауыстырылды.

10. Үйден жеке оқыту бойынша сандық мәлімет

2020-2021 ож	2021-2022 ож	2022-2023 ож
1-4 сынып – 3 оқушы 5-9 сынып – 1 оқушы 10-11 сынып – 1 оқушы **Барлығы - 5 оқушы** **17 мұғалім**	1-4 сынып – 2 оқушы 10-11 сынып – 2 оқушы **Барлығы - 4 оқушы** **17 мұғалім**	5-9 сынып – 1 оқушы 10-11 сынып – 2 оқушы **Барлығы – 3 оқушы** **24 мұғалім**

II. Әдістемелік кеңестің атқарған жұмыстарының қорытынды есебі

1. Педагог кадрлардың сандық құрамы

Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	Жұмыс жасайтыны	Декреттік демалыста	Жоғары білімді	Магистр	Арнаулы орта білімді
2022-2023	97	82	15	80	5	17

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамының өсу көрсеткіші

Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	санатсыз
2022-2023	97	1	1	1	0	5	9	39	43

Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	Жоғары санатты		Бірінші санатты		Екінші санатты		Педагог-шебер		Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2022-2023	97	1	1,03	1	1,03	1	1,03	0	0	5	5,15	9	9,2	39	40

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамының пайыздық көрсеткіші

Педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсынан өтуі

Жалпы мұғалімдер саны	Жұмыс жасайтыны	2022-2023 оқу жылында курстан өткені	мемлекеттік	ақылы	%
97	82	32	26	6	39%

Педагог қызметкерлердің әдістемелік семинарлар мен конференцияларға қатысуы

Жалпы мұғалімдер саны	Жұмыс жасайтыны	2022-2023 оқу жылында семинарға қатысқан мұғалімдер саны	Аудандық семинар	Облыстық семинар	Республикалық семинарлар	%
97	82	33	22	9	2	40%

2022-2023 оқу жылында жаратылстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын педагогтердің үлесі –2;

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымына жұмыс істеуге келген жас маман саны – 2.

III. 2021-2022 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысын талдау

№	Тәрбие тұжырымдамасының бағыттары	Атқарылған шаралар	Тиімділігі
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы құзырлы органдармен біріккен жиналыстар. Қамтылғаны: 1420 «Абайлаңыз, балалар!» онкүндігі Тәрбие сағаттары – 27 Онкүндіктер – 3 Рейдтер -4 Салтанатты жиындар - 5 Жалпы өткен шара саны - 52	Құқықбұзушылық фактілері бойынша ішкі есепке алынған оқушылар саны азайды. ЖЖЕ-ін бұзатын оқушылар саны азайды. ЖЖА фактілері бойынша оқушы тіркелген жоқ. Оқушылардың париоттық сезімдері жоғарылап, оқуға деген құштарлығы артты.
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Мектепке жол акциясы». Қамтылғаны: 178 Қарттар күні, ұстазар күніне өткізілген тәрбиелік шаралар – 5, сынып сағаттары -52 Жалпы өткен шара саны - 45	Мектеп пен жеке кәсіпкер, ауыл тұрғындары , меценаттар арасындағы байланыс күшейді. Қайырымдылық акцияларына қатысушылар саны көбейді.
3	Ұлттық тәрбие	«Ұлт денсаулығы - біздің табысты болашағымыздың негізі» жобасы аясында атқарылған жұмыстар Тәрбиелік шаралар – 8 Сынып сағаттары -28 Сайыстар -15 Жалпы өткен шара саны -45	Халықтық педагогиканы басшылыққа алып, оқушылар ежелгі ұлттық өнерлерімізді үйренді. Ұлтжандылық қасиеттердің дамуына үлкен септігі тиді.

4	Отбасылық тәрбие	Жалпы ата-аналар жиналыстары – 2. Қамтылғаны – 840 Сыныптар бойынша өткен ата-аналар жиналыстары - 140 «Отбасы-бақыт мекені» апталығы. Қамтылғаны- 217 Сынып сағаттары -12 Семинарлар – 3 Жалпы өткен шара саны - 55	Ата-аналар мектеп өмірімен толықтай танысып, ата –анамен мектеп арасындағы байланыс күшейді.
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Сенбіліктердің жүруі. Сынып бөлмелерін көгалдандыру жұмыстары. «Менің арманым-менің болашағым» кәсіпкерлік оқу Сынып сағаттары – 8 Тәрбиелік шаралар – 5 Саяхаттар- 5 Жалпы өткен шара саны - 43	Оқушылар еңбекқорлыққа үйренді. Болашақтағы мамандығын дұрыс таңдауға мәліметтер алды.
6	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі	Дебат жұмысы. «Өзін-өзі басқару»ұйымының жұмысы -Аудандық «Өзін-өзі басқару ұйымдарының слетінде » «Ең үздік фракция» кубогының иегері. Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының жүрісі. Тәрбиелік шаралар – 12 Жалпы өткен шара саны - 25	Оқушылар арасында өз пікірін еркін айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттері дамыды. Көшбасшылық қабілеттері дамыды. Аудандық, облыстық сайыстарға барып, жүлделі орындарға ие болды.
7	Көпмәдениеттілік және көркем-эстеттикалық тәрбие	«Оқуға құштар мектеп» жобасы -«Ең үздік кітап оқитын мектеп» аудандық байқауынан III орын	Оқушылардың кітап оқуға , өнерге деген қызығушылығы артты, бос уақыттарында кітап оқуға, интернет желісінен алшақтауға септігін тигізді.

		Жоспар бойынша сурет, ән, би байқаулары өтті. «Домбыра дастан» жобасының жүруі Тәрбиелік шаралар -24 Жалпы өткен шара саны - 36	Оқушылардың өнерге деген қызығушылығы артты.
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Денсаулықты нығайтуға арналған мектептер» пилоттық жобасы аясындағы атқарылған жұмыстар. Спорттық шаралар. Қамтылғаны: 742 Тәрбиелік және спорттық шаралар -42 Сурет байқаулары Есірткі, нашақорлықтың алдын алу бағытындағы шаралар, онкүндіктер -3 Жалпы өткен шара саны- 63	Салауатты өмір салтын дұрыс қолдана білуге дағдыланды. Оқушылардың спортқа деген қызығушылығы артты. Облыстық, республикалық жетістіктерге жетуде тиімді жақтары көп болды Мектепте насыбай, темекі тартатын оқушылардың саны азайды.

2022-2023 оқу жылына СВОД талдау

Күшті жақтары (S)	**Әлсіз жақтары (W)**
1. Әдістемелік қызметтің тиімді ұйымдастырылуы; 2. Жыл сайын гранттар санының өсуі; 3. Оқу кабинеттерінің талаптарға сай жабдықталуы. 4.Жаңа модификациялық кабинеттер санының артуы; 5. Инклюзив оқушыларға арналған кабинеттер мен барлық мүмкіндіктердің қолжетімділігі; 6. Дарынды балалар санының артуы (аудандық, облыстық, республикалық байқаулар жеңімпаздар санының артуы.	1.Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің аздығы, қозғаушылық күштің әлсіздігі, педагог-шебер санатындағы мұғалімдердің болмауы; 2. Озат тәжірибе алмасу жұмысының тұрақты ұйымдастырылмауы, «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» конкурсының жеңімпаздарының болмауы; 3. Мектептің жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста болмауы; 4. Білім сапасындағы тұрақсыздық;
Мүмкіндіктер (O)	**Қауіпті жақтары (T)**

1. Мектепті дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға; 2. Тәжірибе алмасуға, авторлық бағдарлама шығаруға; 3. Білім сапасына жан-жақты талдау жүргізу арқылы мектептегі үздік, екпінді оқушыларымыздың санын арттыруға, сапалы білім беруге; 4. Білім сапасын арттыруға арналған жобалардың жүйелі жүргізілуіне;	1. Мектепішілік бақылау қорытындысы бойынша оқу-тәрбие үрдісінің кемшін тұстарын айқындай алмау, оны жою жолдарын қарастыруда жүйелілік болмауы; 2. Өзара сабақтастықтың әлсіздігінен білім сапасының төмендеуі;

2023-2024 оқу жылы педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

№	Іс-шара	Нәтиже	Жауаптылар
Тамыз айының педагогикалық кеңесі №1			
1	2022-2023 оқу жылында ҚР білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.	Педагогикалық кеңес №1хаттамасы Бұйрықтар	А.Бекболатқызы
2	2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын НҚА типтік оқу жоспарлары және типтік оқу бағдарламаларын бекіту.		А.Бекболатқызы

3	2023-2024 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын, даму (коучинг пен тәлімгерлік) және бағалау жоспарын (эволюция) МДЖ бекіту.		А.Бекболатқызы
4	2023-2024 жылға арналған оқу жоспары, мұғалімдердің оқу жүктемелерін, сынып жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін бекіту.		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
5	«Ішкі тәртіп» ережелерін бекіту.		А.Рахиева
6	Кезекші сыныптардың контигенті кестесі, жұмыс кестесі, оқыту платформасын, педагогикалық құрамын бекіту.		А.Рахиева
7	2022-2023 оқу жылындағы Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы мен оқу гранттарының бөлінісін талдау.		Ә.Сисенов
8	Инклюзивті білім беру принциптері және ерекше білім беруді қажет ететін балалар жайы.		П.Тұрақова
9	Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді бекіту мәселесі.		А.Рахиева
I тоқсанның (қараша) педагогикалық кеңесі			
1	I тоқсан бойынша 1-11 сынып оқушылардың оқу үлгерім қорытындысы	Педагогикалық кеңес №2 хаттамасы	А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
2	Тоқсан бойынша негізгі пәндерден білім сапасы бойынша төмен пәндерді анықтау		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
3	ББЖМ, PISA, TIMSS халықаралық зерттеулеріне дайындық барысы		А.Бекболатқызы
4	Оқу-танымдық қызметке жоғары мотивациясы бар білім алушылармен жұмыс («Алтын белгіге», үздік аттестатқа үміткерлер)		А.Бекболатқызы
5	Кәсіптік бағдар бойынша жүргізілген жұмыстар есебі		Ә.Сисенов
II тоқсанның (қаңтар) педагогикалық кеңесі			

1	II тоқсан бойынша 1-11 сынып оқушыларының оқу-үлгерім және негізгі пәндерден білім сапасы қорытындысы	Педагогикалық кеңес №3 хаттамасы	А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
2	Мектеп бойынша сынып сағаттарының жүргізілу деңгейі		Қ.Молдагалиева А.Есболова
3	АӘТД, дене шынықтыру пәндерінің берілу деңгейі (1-11 сынып)		А. Бекболатқызы Т.Тілеміс В. Алдабергенова
4	Оқушылардың тегін тамақпен қамтылуы		З.Сарниязова
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасының орындалуын бақылау		М. Рахметова У. Тауманова
6	Бейінді оқыту жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар есебі		В.Алдабергенова
III тоқсанның (наурыз) педагогикалық кеңесі			
1	III тоқсан бойынша 1-11 сынып оқушыларының оқу-үлгерім және негізгі пәндерден білім сапасы қорытындысы	Педагогикалық кеңес №4 хаттамсы	А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
2	Математика, физика, информатика, химия пәндерінің берілу деңгейі (5-11 сынып)		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
3	1,2 - сыныптардың оқыту сапасын бақылау		Т.Тілеміс
4	Ерекше білім беру қажеттілікері бар балалармен жұмыс істеуге қойылатын негізгі талаптар		А.Абатова Г.Туметова
IY тоқсанның(мамыр) педагогикалық кеңесі			
1	IV тоқсан бойынша 1-11 сынып оқушыларының оқу-үлгерім және негізгі пәндерден білім сапасы қорытындысы: а)1-8,10- сынып оқушыларының келесі сыныпқа көшірілуі, мақтау қағазымен марапаттау; ә) 9,11-сынып оқушыларын мемлекеттік емтихандарға, қорытынды аттестаттауға жіберу; б) «Алтын белгі», «Үздік аттестатқа» үміткерлердің құжаттарын реттеу туралы	Педагогикалық кеңес №5 хаттамасы	А.Бекболатқызы Т.Тілеміс

2	2023-2024 оқу жылындағы аттестаттау жұмысының қорытындысы		А.Бекболатқызы
3	2023-2024 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмысқа талдау және мұғалімдердің кәсіптік деңгейінің диагностика қорытындысы		В.Алдабергенова
4	Ата-аналар комитетінің жұмыс рейтингісінің қорытындысы		Қ. Молдагалиева А.Есболова
Қорытынды (маусым) педагогикалық кеңес			
1	2023-2024 оқу жылында негізгі орта білім курсын аяқтау, аттестатты табыстау және 9-сынып оқушыларын мектеп есебінен шығару	Педагогикалық кеңес №6 хаттамасы	А.Бекболатқызы
2	2023-2024 оқу жылында жалпы орта білім курсын аяқтау, аттестатты табыстау туралы		А.Бекболатқызы

2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңестің жоспары

№	Іс-шара түрі	Нәтижесі	Жауаптылар
Тамыз			
1	Жаңа оқу жылының басталуы: -мектеп әкімшілігінің қызметтік міндеттері; -педагогикалық кадрларды нақтылау, тарифтеу; -мектептің жұмыс тәртібі;	ДЖК хаттама №1	А.Бекболатқызы

2	Кабинеттердің санитарлық жағдайы.		В.Алдабергенова
3	«Білім күні» мерекелік шарасын өткізу.		Қ.Молдагалиева А.Есболова
4	1-11 сынып білім алушыларының оқулықтармен қамтылуы		М.Рахметова У.Тауманова
5	«Мектепке жол» акциясының жүргізілу барысы туралы		З. Сарниязова
Қыркүйек			
1	Мұғалімдердің оқу жүктемесінің (тарифтеу) дұрыс бөлінуін бақылау	ДЖК хаттама №2	А.Рахиева
2	Білім алушылардың жеке іс қағаздарының дұрыс жүргізілуін бақылау		А.Бекболатқызы
3	Мектептің барлық деректерінің ҰББДҚ (НОБД) платформасына енгізілуін бақылау		Ф.Шугаева
4	2-11 – сыныптар бойынша алғашқы бақылау сынағы қорытындысы		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
5	Бастауыш және орта буын мұғалімдерінің әдістемелік сабақтастығын бақылау		В.Алдабергенова
Қазан			
1	Барлық деректердің mektep.edu электронды журналына енгізілуін бақылау	ДЖК хаттама №3	Ф.Шугаева
2	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, КТЖ-мен сәйкестігін бақылау		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
3	Жаратылыстану, биология, география пәндерінің берілу деңгейі (3-11 сынып)		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова

4	5-сынып білім алушыларының бейімделу кезеңінде көмек, психологиялық ортаны зерттеу қорытындысы		А.Абатова Г.Туметова
Қараша			
1	Мектептің әлеуметтік паспортының талапқа сай жүргізілуін бақылау	ДЖК хаттама №4	А.Рахиева З.Сарниязова
2	Бастауыш сынып пәндерінің берілу деңгейін бақылау(1-4 сынып)		А. Бекболақызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
3	Оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау, нәтижеге бағытталған жұмысты ұйымдастыру		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
4	Сынып сағаттарына қатысу қорытындысы		Қ.Молдагалиева А.Есболова
Желтоқсан			
1	Оқушылардың сабаққа қатысуы	ДЖК хаттама №5	А.Бекболатқызы Қ.Молдагалиева
	Тарих және құқық пәнінің берілу деңгейі (5-11 сынып)		А. Бекболақызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
2	Аттестатталатын педагогтардың сабақтарына қатысу		В.Алдабергенова
3	Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды бақылау қорытындысы		А.Есболова
4	Білім алушыларды жетістікке бағыттау іс-шараларындағы үйірме жұмысының, таңдау курстарының жүргізілу сапасын бағалау		А.Бекболатқызы
5	Жаратылыстану,биология, география пәндерінің берілу деңгейін бақылау бойынша қазан айының ДЖК шешімінің орындалысы		А. Бекболақызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
Қаңтар			

1	Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінің берілу деңгейін бақылау (3-11 сынып)	ДЖК хаттама №6	А.Бекболатқызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
2	1-сыныптардың мектепке бейімделуі, сауалнама қорытындысы		А.Абатова Г.Туметова
3	Мектепішілік «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын зерделеу		А.Тілеп
4	2023-2024 оқу жылының II жарты жылдық бойынша жүктемелерді бөлу.		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
5	Білім алушылардың жеке іс қағаздарының дұрыс жүргізілуін бақылау		А.Бекболатқызы
6	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, КТЖ-мен сәйкестігін бақылау		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
Ақпан			
1	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің берілу деңгейі (5-11 сынып)	ДЖК хаттама №7	А.Бекболатқызы
2	АӘТД, дене шынықтырупәндерінің берілу деңгейін бақылау бойынша желтоқсан айының педкеңесі шешімінің орындалысы		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс В.Алдабергенова
3	Білім берудің өтпелі сатыларында білім алушылардың оқыту деңгейі мен сапасын зерделеу(4 және 9 сыныптарда математиканы оқыту жағдайы. ББЖМ-ға және қорытынды аттестаттауға дайындық. Бағалаудың объективтілігі)		А.Бекболатқызы Т.Тілеміс
4	«Денсаулықты нығайтуға арналған мектептер» пилоттық жобасы аясындағы жұмыстар қорытындысы		А. Камалов
5	Деректердің mektep.edu электронды журналына енгізілуін бақылау		Ф.Шугаева

